МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ
МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АУДАНАРАЛЫҚ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ СОТЫ

СПЕЦИАЛИЗИРОВАННЫЙ
МЕЖРАЙОННЫЙ ЭКОНОМИЧЕСКИЙ
СУД МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ

130000, Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 3 шағын аудан, 101 ғимарат, тел: +7 (729) 270-14-80, +7 (729) 270-14-82;
факс: ; email: 120203@sud.kz

130000, Республика Казахстан, Мангистауская область, город Актау, 3 микрорайон, здание 101, тел: +7 (729) 270-14-80, +7 (729) 270-14-82;
факс: ; email: 120203@sud.kz

31.03.2026 № 4712-26-5-21/3577

"Маңғыстау облысының су ресурстары және ирригация басқармасы" мемлекеттік мекемесіне

КУБАШЕВ МАКСИМ УАЛИЕВИЧҚА

Маңғыстау облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты 17.02.2026 жылы заңды күшіне енген сот шешімін жолдайды.

Қосымша: заңды күшіне енген сот шешімі.

Судья **Б.Б.Байгожаев**

Орынд: Калдибаева Ж. Ж.
тел: *+7 778-759-40-36, 729-2468@sud.kz*

Құжатты жасаған: КАЛДИБАЕВА Ж. Ж., 1111, 729-2468@sud.kz
Құжатқа қол қойылған: БАЙГОЖАЕВ Б. Б., 31.03.2026 09:15

Документооборот

4712-26-5-21/3577 31.03.2026

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 17 ақпан №4712-26-00-2/265 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Б.Б.Байғожаев, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық іс қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Маңғыстау облысының су ресурстары және ирригация басқармасы» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Green Master Atyrau» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1) Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2) Шарт бойынша аванстық төлемді өндіру туралы
3) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны үшін тұрақсыздық айыппұлды өндіру туралы
4) Шартты қамтамасыз ету сомасын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қою – ішінара қанағаттандырылсын.

«Green Master Atyrau» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

2025 жылғы 30 қазандағы №250240028562/250059/00 шарты бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны үшін «Green Master Atyrau» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 15 086 400 (он бес миллион сексен алты мың төрт жүз) теңге аванстық төлем, 2 866 416 (екі миллион сегіз жүз алпыс алты мың төрт жүз он алты) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыппұл, 1 508 640 (бір миллион бес жүз сегіз мың алты жүз

қырық) теңге мөлшерінде шартты қамтамасыз ету сомасы, 583 844 (бес жүз сексен үш мың сегіз жүз қырық төрт) теңге мемлекеттік баж, барлығы 20 045 300 (жиырма миллион қырық бес мың үш жүз) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімнің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатын туралы тиісті түрде хабарландырмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья Б.Б.Байғожаев

Документ подписан: Байгожаев Б. Б., 17.02.2026

Дата вступления в законную силу: 19.03.2026, Судья Байгожаев Б. Б., 28.03.2026

4712-26-3-1/193